



Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстар үшін А.И. Бараев атындағы сыйлық (бірінші, екінші, үшінші сыйлықтар) беру тәртібі туралы ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 11 маусымдағы N 386 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 25 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4758 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 31-2/16 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 31-2/16 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 қаулысының 3-1 - тармағына с ә й к е с ,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстар үшін А.И. Бараев атындағы сыйлық (бірінші, екінші, үшінші сыйлықтар) беру тәртібі туралы қоса беріліп отырған ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 6 маусымдағы "Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстар үшін А.И. Бараев атындағы сыйлық (үш сыйлық) беру тәртібі туралы ережелерін бекіту туралы" N 386 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу реестрінде N 3710 тіркелген, "Нормативтік құқықтық бюллетенінде" 2005 жылы N 16 санында жарияланған).

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі А.Қ. Күрішбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р л і г і

11 маусым 2007 ж.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2007 жылғы»11 маусымдағы

№ 386 бұйрығымен бекітілді

**Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін
А.И.Бараев атындағы (бірінші, екінші, үшінші сыйлықтар) сыйлық беру
тәртібі туралы**

ЕРЕЖЕЛЕРІ 1. Жалпы ережелер

1. Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін А.И. Бараев атындағы (бірінші, екінші және үшінші сыйлықтар) сыйлық беру тәртібі туралы ережелері (бұдан әрі - Ереже)»"Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы № 685 қаулысының 3-1 - тармағына сәйкес әзірленді.

2. Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін А.И. Бараев атындағы (бірінші, екінші және үшінші) сыйлық (бұдан әрі - сыйлықтар) айтарлықтай теориялық және практикалық маңызы бар ашылымдар, селекциялық жетістіктер және өнертапқыштық, соның ішінде:

шығарылған және будандастырылған ауыл шаруашылық өсімдіктерінің сорттары мен будандары, ауыл шаруашылығы жануарлардың, балық пен араның тұқымдары, типтері мен аталық іздері және құстың кростары;

ауыл шаруашылығын механикаландыру және ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау және қайта өңдеу саласындағы технологиялық және техникалық әзірлемелері ;

жануарлар, құс, балық және ара ауруларының алдын ала емдеу, диагностикалау мен емдеу және жаңа әдістері;

агроөнеркәсіп кешені және ауыл шаруашылық аумақтарды дамыту саласындағы экономикалық әзірлемелері үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына жыл сайын конкурстық негізде беріледі.

Сыйлықтарға ұсынудың алдында ғылыми жұмыстар ғылыми көпшілікке кеңінен танылмал және меншік нысанына қарамай Қазақстан Республикасының ғылыми және білім беру ұйымдарының ғылыми-техникалық кеңестерінде және өзге алқа органдарында жан-жақты талқыланудан өтуі қажет.

3. Сыйлық алуға осы ереженің 2 тармағында көрсетілген, конкурс жарияланған жылды қоспағанда соңғы 5 жылда аяқталған және жарияланған жұмыстар ұсынылады.

4. Бұрын республикалық бюджет қаражатынан төленетін басқа сыйлықтарға, сондай-ақ шетел сыйлықтарына ие болған жұмыстар, осы сыйлықтарды алу конкурсына қатысуға жіберілмейді.

Сыйлыққа үміткер ретінде жұмыс екі реттен артық ұсынылмайды.

Осы сыйлық лауреатының жаңа жетістіктері болған жағдайда, сыйлық оған үш жыл өткен соң, жарнама берген жылды қоса есептегенде, қайтадан тағайындалуы мүмкін.

5. Бірінші, екінші және үшінші сыйлықтардың мөлшері тиісінше 200, 150 және 100 айлық есеп көрсеткіштерінің шегінде белгіленеді.

Ұжымдық жұмыстардың авторларына сыйлық жұмысқа қосқан үлесіне сай төленеді.

6. Аграрлық ғылым саласындағы сыйлықтарды төлеу шығындары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) аграрлық ғылым саласындағы сыйлықтарды төлеу үшін көзделген республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Сыйлықтарға үміткерлер үшін өткізілетін конкурс туралы хабарландыру Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

2. Жұмыстарды сыйлыққа ұсынудың, рәсімдеудің және тапсырудың тәртібі

7. Сыйлық алуға үміткерлердің жұмыстары министрліктер мен ведомстволардың алқаларында, ғылыми-техникалық, ғылыми кеңестерінде және меншік нысанына қарамай Қазақстан Республикасының басқа ғылыми, оқу және өзге ұйымдарының алқа органдарымен (бұдан әрі - ұйымдар) ұсынылады.

8. Сыйлық алуға жеке авторлардың, сондай-ақ ұжым авторларының жұмыстары ұсынылады.

9. Конкурсқа келесі құжаттар тапсырылады (басылған түрде, екі дана):

1) сыйлыққа ұсынған ғылыми жұмыс:

кітаптар, монографиялар, оқулықтар, мемлекеттік тіркеуден өткен ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есептер;

ауыл шаруашылық жануарлар, құс және балықтардың тұқымдарын, типтерін және аталық іздерін шығарған туралы авторлық куәліктер нотариус арқылы куәландырылған көшірмелері;

ауыл шаруашылық өсімдіктерінің сорттары мен будандарының шығарған

туралы авторлық куәліктер нотариус арқылы куәландырылған көшірмелері;
патенттер және басқа қорғау құжаттар түрде.

2) жұмыстың мазмұны, зерттеулердің өзектілігі және жаңалығы, негізгі ғылыми нәтижелері, олардың маңыздылығы мен ғылымның әлемдік деңгейіне сәйкестігі, оларды болашақта одан әрі пайдалану туралы баяндалатын жұмыстың сипаттамасы (20 беттен аспауы тиіс).

Сипаттамаға (мемлекеттік және орыс тілдерінде):
жұмысты ұсынған мекеменің атауы;
жұмыстың аты, ізденушілердің қолы қойылған, оның тегі, аты-жөні көрсетілген жұмыстың бірінші беті;

3) келесі мәліметтері бар жұмыстың қысқаша мазмұндамасы (бір бетте):
алдыңғы бетінде - жұмыстың атауы, жұмысты ұсынатын ұйымның толық атауы, авторлардың тегі, аты-жөні, олардың қызмет орындары, лауазымдары, ғылыми атақтары мен дәрежелері;

екінші жағында - жұмыстың қысқаша мазмұны мен алынған нәтижелерінің маңызы, жұмыс авторларының қолы;

4) ұйымның басшысы қол қойған (ресми бланкіде), жұмыстың (жұмыстар сериясының) ғылыми маңыздылығын бейнелейтін, оның республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңыздылығы айтылатын ұ с ы н ы м - н е г і з д е м е ;

5) мөрмен бекітілген жұмысты ұсынушы алқалы орган мәжілісінің х а т т а м а с ы н а н ү з і н д і ;

6) автор (авторлар) туралы мәліметтер - ізденушінің тегі, аты-жөні, туған жылы, төлқұжат немесе жеке куәлік мәліметтері, ғылыми дәрежесі мен атағы, мамандығы, қызмет орны мен лауазымы, қызметі мен үйінің мекен-жайы, телефондары көрсетілген кадр бөлімінің қызметкері куәландырған, ізденушінің негізгі қызмет орны берген анықтама;

7) жұмысты ұсынушы ұйымның басшысы қол қойған, ізденушінің (ізденішілердің) ұсынылып отырған жұмысқа қосқан пайыздық салмақта (ұжым жұмыстары үшін) шығармашылық үлесін көрсететін қысқаша с и п а т т а м а ;

8) ізденушінің (ізденушілердің) негізгі қызмет орнының мөрімен бекітілген негізгі ғылыми еңбектерінің тізімі (10-нан артық б о л м а у ы т и і с) ;

9) жұмысты ұсынушы ұйымның басшысының қолы қойылған, мөрмен бекітілген, конкурсқа тапсырылған жұмыс (жұмыстар сериясы) бұрын осы Ереженің 4-тармағында аталған сыйлықтарға ие болмағанын растайтын а н ы қ т а м а .

Осы тармақтың 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды

ізденушінің егер ол зейнеткер болса (жұмыстан босатылса, қайтыс болса және басқа да) соңғы жұмыс орнынан ұсынуға болады.

10. Аталған құжаттардың әр жинағы "Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін А.И.Бараев атындағы сыйлық алуға" деген жазуы бар ғылыми жұмысымен бірге конвертте жеке папкіге салынуы қажет. Конверттерде және папканың бетінде жұмысты орындаған ұйымның атауы, жұмыстың атауы, авторлардың тегі, аты-жөні көрсетіледі.

11. Сыйлыққа ұсынылған құжаттар конкурс туралы хабарландыруға сәйкес Министрлікке тіркеу үшін беріледі және қабылдау мерзім аяқталған соң Конкурстық комиссияға тапсырылады.

12. Көрсетілген талаптарға сай рәсімделмеген құжаттар қарастырылмайды. Конкурсқа ұсынылған материалдарға тіркеуден өткеннен және ашылғаннан кейін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болмайды.

13. Конкурсқа ұсынылған жұмыстар мен материалдар бір данасы авторлардың жазбаша талаптары бойынша қайтарылады.

3. Жұмыстарды қарау тәртібі

14. Сыйлықты беру мәселелері жөнінде конкурстық материалдарды қарау және конкурстың жеңімпаздарын анықтау үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен құрамы 9 (тоғыз) адамнан кем емес Конкурстық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

Комиссияның құрамына кіргізу үшін кандидатураларды сұрыптау кезінде мамандардың салалық бағытталуының теңдік арасалмағын ескеру қажет.

Комиссия консультативтік-кеңесші орган болып табылады және министрліктер мен ведомстволар өкілдерінен, белгілі аграрлық-ғалымдарынан, және де меншік нысанына қарамай үздік ауыл шаруашылық құрылымдарының басшыларынан құрылады.

Комиссияны төраға - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі немесе Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі басқарады.

Осы Сыйлыққа, жеке немесе ұжымдық жұмыстар авторлары құрамында Комиссия мүшелері және олардың жақын туысқандарының жұмыстары ұсынған жағдайда, Комиссияның сол мүшелері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы Комиссия құрамынан шығарылады.

Комиссияның барлық шешімдері хаттамалармен рәсімделеді.

15. Комиссия:

конкурстық материалдар салынған конверттерді ашады, олардың конкурс

талаптарына сәйкестігін анықтайды;
сыйлық алуға ұсынылған жұмыстарды осы сыйлық алуға жұмыстар ұсынған ұйымдарды алып тастағандағы ғылыми және тиісті профильдегі басқа да ұйымдарға сараптап қарауға жолдайды;
қажет болса Сыйлық алуға ұсынылған жұмыстарды сараптауға жетекші ғалымдар мен мамандарды тартады;
жасырын дауыс беруге арналған бюллетендерге жұмыстарды кіргізу туралы шешімді Комиссия мүшелерінің мәжілісіне қатысқандардың көпшілік даустарымен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды;
Сыйлықтар беру туралы шешімдерді жасырын дауыспен қабылдайды.

16. Жасырын дауыс беру барлық жұмыстар бойынша бір мезгілде жүргізіледі.

Жасырын дауыс берудің қорытындысы бойынша Сыйлық ең көп дауыс санын жинаған үш жұмысқа беріледі (бірінші, екінші және үшінші сыйлықтар).

17. Егер, жасырын дауыс берудің қорытындысы бойынша екі немесе одан астам жұмыстар, үш сыйлықтың біреуіне үміттенуге рұқсат беретін тең дауысқа ие болса, Комиссия олардың арасында қайта дауыс беруді өткізуге құқығы бар.

Қайта дауыс беруге арналған бюллетенге тек бірінші дауыс беру кезінде тең дауыс алған жұмыстар кіргізіледі.

Егер, қайта дауыс берудің кезінде қайталап дауыс беруге арналған бюллетенге кіргізген жұмыстар тең дауыс алған болса, жеңімпазды анықтау құқығы Комиссияның төрағасына беріледі.

18. Конкурстық комиссия мәжіліске комиссия мүшелерінің 2/3 кемі қатысқан жағдайда шешім қабылдауға құқылы.

4. Конкурс нәтижелерін бекіту тәртібі

19. Комиссия жұмыстарды қарау нәтижесі бойынша келесі құжаттарды р е с і м д е й д і :

Комиссияның хаттамасын;

Комиссияның мүшелері қол қойған және мөр басылған дауыс берген бюллетендері салынған конвертті.

20. Тиісті шешім қабылданған туралы Комиссия отырысының хаттамасы конкурста жеңімпаз атанған жұмыстарды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министріне бекітуге ұсынылады.

21. Конкурстың лауреаттары және де сыйлыққа лайықты жұмыстар туралы қысқаша түсініктемелер Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

22. Сыйлық берілген ғылыми жұмыстар Министрліктің Республикалық ауыл шаруашылығы ғылыми кітапханасына сақтауға беріледі.

5. Сыйлық лауреаттарын марапаттау

23. Сыйлық беру туралы дипломдар және омырау белгілерін лауреаттарға Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі тапсырады.

24. Ақшалай сыйлықтар осы ереженің 5 тармағында көрсетілген көлемінде және авторлардың үлесіне сай өлшемде (ұжым жұмыстары үшін) конкурс лауреаттарының карточкалық және ағымдық шоттарына аударылады.

Егер конкурс лауреаты қайтыс болған жағдайда ақшалай сыйлық, диплом және омырау белгісі оның жақын туысқандарына немесе мұрагерлеріне беріледі.